

«Қош келдің, Жаңа Жыл!»

Музыка ойнап тұрады.Балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар,қонақтар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Жаңа жыл мерекесіне қош келдіңіздер!

Сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі : Айсауле Ержағқызына береміз.

Жаңа жылым жол болсын,
Басқан қадам оң болсын,
Төрлет,төрлет жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын!

Балалар,қарандаршы Жаңа жыл өзі де келіп қалды.

Жүргізуші: Жүздеріңе қуаныш нұрын төккен,
Балбұл жанған беттерін аяз өпкен,
Айналайын,халайық қарсы алайық,
Жаңа жылды асыға көптен күткен.

(Ішке жаңа жыл кіреді)

Жылқы: Армысыздар халайық!
Бармысыздар халайық!
Жаңа жылда жұп жазбай,
Бірге қарсы алайық.

-Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар мен Жылқы жылымын.Балалар,бәріміз бірге шырша шамын жағайық! Сендердің көмектерің керек.Қане шырша шамдарын жарқыратайық.

Қуант бізді таңырқат
Шамдарыңды жарқырат!
Раз два три
Елочка гори!

Жүргізуші:

Шыршамыз қандай әдемі болды, келіңдер балалар шыршамызға арнап,
«Шырша жыры» әнін орындап берейік.
Жаңа жыл қош келдің!

Би: «Понилар»

Жүргізуші:

Балаларымыздың жаңа жылға арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.
Риза.Керей.Ханзада.Нұрасыл.Айсана.Саид.

Жүргізуші:

Балалар жаңа жылдық кешімізге Аяз ата мен Ақшақар жетіспейтін сияқты.
Орманда адасып жүрген шығар қане шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар ау аууууууу

(Боранның дыбысы қосылып , Аққала келеді)

Аққала: Құтқарыңдар,құтқарыңдар!(қорыққан дауыспен,ентігіп)

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Аққала не болып қалды?

Аққала: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен қорыққанымнан ештеңе айталмай тұрмын.

Жүргізуші: Аққала сен ентігіңді бас, біздің балалардың көңілді биін тамашала, мүмкін сол кезде қорқынышың басылып, не болғанын айтып, бізге түсіндірерсің.

Ән «Жаңа жыл»

Би: «Аққала»

(Балалардың тақпақтарына кезек берейік)

Ойын «Аққала ойнатады «Қар жинау»

Жүргізуші: Ал, Аққала қорқынышың басылды ма?

Аққала: Балалар, сендерге жолықпағанымда мен әлі қорқып жүре берер едім. Достар мерекеге келе жатқанда Түлкі менің сәбіз мұрнымды тартып алды.

Жүргізуші: Түлкі? Ол сәбіз жейдіме балалар?

Балалар: Түлкі сәбіз жемейді

Жүргізуші: Енді Аққаланың сәбіз мұрынын қалай тауып берсек екен?

Аққала сен уайымдама бір дыбыс шыққан сияқты кім болды екен қарайық.

(Әуенмен Түлкі келеді)

Түлкі:

Қол соғып қарсы алыңдар,

Мендей сұлу ханымды,

Сендерге ұнау үшін,

Мен саламын барымды. Сәлеметсіңдер ме!

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Түлкі қош келдің, неге Аққаланың мерекелік көңіл күйін бұзып, сәбіз мұрынын алып қоясың?

Түлкі: Мен алып қойған жоқпын, Аққала өзі сыйлады?

Жүргізуші: Түлкі балалардың мерекелік көңіл күйін бұзбай, Аққаланың сәбіз мұрынын қайтар. Сен оны бәрібір жемейсің ғой.

Түлкі: Онда менің бірнеше шартым бар, соны орындасаңдар Аққаланың сәбіз мұрынын беремін.

Жүргізуші: Ол қандай шарт? Біздің балалар досына көмектесулері үшін барлық шартыңды орындайды. Солайма балалар?

Балалар: Әрине!

Түлкі: Бірінші шартым менімен ойын ойнасаңдар, егер сол ойында мені жеңсеңдер, келесі шартымды айтамын.

Жүргізуші: Балалар, Аққалаға көмектесу үшін ойын ойнап, түлкіні жеңеміз бе?

Балалар: Әрине

Түлкі: Олай болса, ойынның шартын тыңдаңдар. Мына менің қапшығымнан бәрің өтесіндер, кім қапшықта қалып қояды, сол баланы алып кетіп, орнына Аққаланың сәбіз мұрынын беремін. Ойынның шарты түсінікті болса, бастаймыз. Қапшық жыртық болып, балалар келесі жағынан шығып кетеді. Ойынға барлық балалар қатысады.

Ойын «Түлкіден құтылу»

Түлкі: Мәссаған, мына қапшық жыртық екен ғой, жамауды неге айттым екен, а?

Жүргізуші: Ал, түлкі балалар бұл шартынды оп-оңай орындап шықты келесі шартынды айта бер.

Түлкі: Менің енді би билеп көңілімді көтергім келеді.

Жүргізуші: Би дейсің бе? Би деген біздің балалардың ең сүйікті билері ғой билейміз бе балалар?

Балалар: Әрине

Би «Курумилар»

Жүргізуші: Түлкі саған би ұнады ма? Шартың орындалды деп есептейсің бе?

Түлкі: Әрине көңілім көтеріліп қалды, бірақ сәбіз мұрынды берсем сендер менімен дос болмай қоясыңдар ғой.

Жүргізуші: Түлкі, ол не дегенің біздің балалар мейрімді, сенімен дос болуға, достыққа шақыруға әрқашан дайын.

Жүргізуші: Аяз ата кешікті ғой. Мүмкін адасып кеткен болар. Қане балалар, тағы да Аяз ата мен Ақшақарды шақырайықшы.

(Аяз ата Ақшақар ау ау аууууууууу)

Аяз ата: Жаңа жылмен, жаңа жылмен,
Құттықтаймын бәріңді,
Жасым келіп қартайған
Мен ақшашты атамын.

Өздерің сияқты балалардың шат күлкілі думан тойын аралап келемін. Міне сендердің орталарыңа да жеттім.

Ау бүлдіршін қыздарым,

Жас жеткіншек ұлдарым.

Қандай жасы жүздерің,

Қуанышты сыйлайын.

Ақшақар: Амысыздар балалар, қонақтар! Өздеріңді сағынып келдік. Жаңа жылдарың құтты болсын! Жылқы жылы табыс, береке, бірлік әкелсін.

Жүргізуші: Аяз ата алыс жолдан шаршаған боларсыз, отырып балалардың өнерін тамашалаңыз.

Би «Сантаклаустар»

Ән «Аяз ата»

Аяз ата: Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарыңызды ақылды, білімді де өнерлі екенсіңдер. Барлықтарыңа берер сыйлығым бар. Бері келе қойыңдар.

(Аяз ата балаларға сыйлықтарын таратады)

Аяз ата: Ал енді біз жолға шығайық, басқа балабақшаларға баруымыз керек. Қош сау болыңдар.

Жүргізуші:

Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл бақыт, береке, бірлік әкелсін, аман болыңыздар.